

Кәмен ОРАЗАЛИН



АБАЙДАН
СОҢҒЫ
АРЫСТАР

Кәмен ОРАЗАЛИН

**АБАЙДАН
СОҢҒЫ
АРЫСТАР**

РОМАН

Екінші кітап

“Елорда”
Астана-2003

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Оразалин К.

О 65 Абайдан соңғы арыстар. Роман.

Екінші кітап. Астана: Елорда, 2003. — 504 бет.

ISBN 9965-06-325-7

Романда өткен ғасырдың 19-20 жылдарындағы ел өміріндегі дүрбелең оқиғалар баяндалады. Халқымыздың тәуелсіздігі үшін күрескен “Алаш” өкіметі мен Алаш арыстарының сол бір қызыл қуып, ақ қашқан аласапыран кезеңдегі ел-жұртының тағдырын ойлап, қабырғалары қайысқан ерлікке толы іс-әрекеттері жан-жақты суреттеледі.

Шығармадағы негізгі тұлға жас Мұхтар Әуезов те сол қым-қуыт оқиғалардың ортасынан көрінеді.

ISBN 9965-06-325-7

© Оразалин К., 2003
© “Елорда”, 2003

ӨШПЕНДІЛІКТЕ

I

1919 жылдың қарашасы.

Мұхтар тымағы мен шапанын киіп, енді бомази белбеуін буынып жатыр еді, кіші әжесі Сақыш алдындағы Мұғамиласын күпісінің етегімен қымтай түсіп:

— Ана шұнтиған етігіңді тастасаңшы, — деді. — Райхан қалқам-ау, саптамасын неге тауып бермегенсің?

— Саптамасы төсек астында жатыр. Қылтиып жаз етігін тастамай жүрген өзі емес пе? — деді, — Көрмейсіз бе, Шоқанның орауыштарын кептіретін отын да қалмай бара жатыр. Ол көкбектің бірер түбірін өшіп бара жатқан отқа салып жіберіп көсеп те қойды. Бірақ дымға тиген көкбек тұтана қоймай, ілезде үлкен үйдің ішін түтінге толтыра бастады. Түңлік ашық болғанмен іргелерден саңылау тапқан желдің отты қай жақтан шалқытып тұрғаны да байқалатын емес. Райханның сүйек төсегі, бірер сандық, кебеже және Мұхтардың жазу үстелінен басқа үй ішінің жасау жабдықтары тегіс Шыңғыстағы қыстауларында отырған ауылдарға апарылып тасталғанды. Айнала кілем, түскиіз, алаша, текеметтер ұсталып, іргелерде көмілгенімен сырттағы суықтың ызғары жылылықты тез тартып әкетіп тұр. Отты бірер үрлеп, тұтатып жіберген келіншегінің әлгі қыжыртқан сөзіне бойы үйренген Мұхтар үйден шығуға әжесінен бір белгі күтіп тұрып қалған еді, Райхан:

— Саптамаңды кигің келсе әне жатыр, — деп төсек астын нұсқады.

— Жаяу жүремін ғой, тоңа қоймаспын, — деген баласының кідірістеген ыңғайын таныған әже:

— Әлгі Ағзам шапқан көкбегімді жинатамын деп, Біләлді ертіп кеткен еді, тоңып қалып жүрер ме екен? Абай ауылдарынан Рсай көлі жаққа баратындары болса, тапсырып жіберші, баланы тездетіп қайырсын.

Енесінің бұл сөзіне де Райхан араласып қалды:

— Жақсы ағаның (Ағзамды айтады) шауып әкелген бірер арқа жамотыны төрт-бес үйге бөле келген соң, қаншаға жетеді. Бағана өзім ере кетсемші. Үй иесі боп, бұл жағдайымызды ойлайтын Мұхтар жоқ.

— Абай үйіндегілер шақырта жіберді деп, бағана Қатпа келіп кеткен жоқ па? Шәкерім қажы бастаған елдің зиялы адам-

дары да ауылдарына қайта алмай бөгеліп жатыр. Ақылдасатын шаруалары бар шығар, Мұхтарды бөгемелік. Ағзамның әкелген отыны бүгінге жетсе болғаны, ертең тағы да аттандырамын. — Осы кезде Шоқан қыңқылдай бастаған еді, Райхан баланы бесігімен көтеріп, енесінің жанына қойды.

— Тербетте отырыңыз. Мен үй маңында ықтап тұрған бұзауларды далаға тағы бір айдап салайын.

— Әйтеуір, сол жаққа қарай бара жатыр ғой, бұзауларды Мұхтардың алдына салып бер де, өзің ана босағада жатқан кесек ақ киізді үйдің терістік жақ іргесіне түсіре тігіп таста, шуда жібін иіріп қойғанмын. Отты сол жақтан шалқытатын сияқты. — Мұхтарға ілесе сыртқа шыққан Райхан бұзауларды үйлердің маңынан шығарысып жіберді де:

— Жиындарыңның бітетін күні бар ма? Жас балаларды ауыртып алып жүрмесек не қылсын, тез қайт, — деді. Райханның бұл сөзі қазіргі ауыр жағдаймен байланысты айтылғандықтан Мұхтар сөзді көбейткісі келмей, бұзауларды Найзатасқа қарай айдай бастаған еді, арқаларынан суық өтіп ашыққан жануарлар ыққа таман ұйлыға жүріп берді. Аздан соң Мұхтардың қайырмалауынсыз-ақ өздері тау арасына тезірек жетуге шапқыласа бөйтеңдесті. Бұзауларды Найзатастың маңына жеткізіп тастап, енді Абай ауылына бұрылған Мұхтар бастары мұжылып, қу түбірлері ғана қалған қарағандардың арасында бұғып тұрған көк төбетті қасқыр екен деп, секемденіп қалып еді, иттің шапши қарғып кеп, тышқанды бас салғанын көрді. Жылда қазанның ортасына жетпей, өз қыстауларының маңына жақындау барып қонатын рулар биыл міне қарашаның соңғы күндеріне дейін Бұзылған таш, Найзатас, Есенбай жырасынан көшіп кете алмай, қыстығып отыр. Жиі-жиі ірге аударғандарымен оты қашқан жұрттардағы қалың-қалың ауылдар қазір терісінен көтеріліп келе жатқан ызғырыққа сырттарын беріп, әлі де іргелері сөгілмей қатуланған күйлерінде тапжылмай қасарысып қалғанға ұқсайды. Есенбай жырасын өрлей-құлдай орналасқан елдің Рсай көліне жалғасатын шеті қою мұнарға көміліп қарауытып көрінеді.

Кіші Орданың басы тұманға көміліп балақ төбелерінің жыра-жылғаларына сіңіп қалған қардың үзіктері ағараңдайды. Доғалаң мен Шұнай таулары да көрінбей, ызғырықтан көтерілген шаңыттан қар қиыршықтары ұшқындай қалып тұр. Олардан беріректегі адыр-бұйраттардың ойпаңдарын басып жатқан қою тұман мөлдіреп тұнып қалған. Тек Қыдыр тауларының ет бөктеріндегі алқаптарды басып жатқан жылқы табындары ғана көзге шалынып, Найзатастың ық жағынан боздаған түйе дауысы талықсып жетіп тұр. Құйқалы саналатын Бұзылған таш қонысының өңірі де тері сүйреткендей тап-та-

қыр. Күңгірт тартқан аспан әлемінің бар көрінісі де жүдеп, бір-біріне жалғаса жатқан ауылдардың маңдарында да қарақұралар көрінбейді. Анда-санда жалғыз-жарым аттылар ғана мал өрістеріне қарай өбектеседі. Үй-үйлерден көтерілген түтіндер де ыққа қашып ауыл-ауылдардың арасындағы жұқалаң мұнарларға сіңісіп жер бауырлайды.

Кейбір үйдің жанынан бірен-саран жалбыретекті балалар да ұшырасып дабырласады. Айналаның осындай сиықсыз көрінісін болжауменен келе жатқан Мұхтарға Найзатастың батыс жағындағы Абай ауылы да бұлыңғыр арасынан оқшаулана бастады. Осы кезде өзінің ойына “Күз” бенен “Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай” өлеңдеріндегі ұлы ақын суреттеген көріністер елестей кетті. Әрине, Абай заманындағы күздің жүдеу бейнесімен дәл бүгінгі ел күйзелісінің арасында айырмашылықтардың көп екені рас.

Бірақ данышпандықтың тап басқан көрегендігі бүгінгі күнді де болжап, айнытпай көре білгенге ұқсайды.

“Кемік сүйек, сорпа су тимеген соң, үйде ит жоқ, тышқан аулап, қайда көрсең”, — дейді-ау. Қазіргі мына ауыл көріністері өткен күндерді де елестетіп, тар заманның қыспағына түскен ел тіршілігінің күйзелісінен де хабардар етіп тұрған жоқ па, — деп ойлайды. Бұл қиыншылық ұзаққа созылса, ел тағдырының немен тынарына көзі жетпеген Мұхтар осы мәлімсіз жайдың шешуі қазіргі ақылдасудан табылатындай Абай үйіне тезірек жетуге асыққан болатын. Үйлерден аулағырақтағы кермеде ерттеулі тұрған аттар көрінеді. Бұлардың сырт жағында дертелері асылып тасталған бірер пәуеске де байқалды. Сыртта адамдар байқалмаған соң:

— Бәрі жиналысып қалған екен ғой, — деп ойлаған Мұхтар осы кезде үйден шыға келген Қатпаны көрді:

Қысқа амандықтың соңынан Қатпа:

— Келгенің жақсы болды, бағана мен ауылдарыңа барып қайтқамын, — деді де киіз есікті аша берді. Мұхтар сәлем беріп кіргенде, бесқанат үйдің төріндегі Шәкәрім қажыға бірден көзі түсті. Оның екі жағында Көкбай, Тәуке, Нұрманбет, Боранбай, Мекайіл, Рәзақ, Құтайбалар жайғасқан екен. Төменіректе отырған Күнжан Мұхтардың сәлеміне басын изеп, ризалығын жасады да, өзі жылжып жоғарғы жағынан орын нұсқады.

— Қалқам, мұнда келіп отыр. — Мұхтар тізесін бүгіп, жайғасысымен жаңа бір сәтке үзіліс тапқан сөзін Рәзақ қайта жалғастырды. Әңгімесінің желісі өздерінің жол сапары туралы екенін түсінді.

Кеше түстен кейін, Ахмет Байтұрсынұлын Семейге одан бауыр Бошан еліне шығарып салуға кеткен Рәзақ, Жағыпар,

Қатпа қайтып оралған-ды. Олармен амандасқаннан кейін Мұхтар әңгімелерін жата-жастана ести жатармын деп қайтып кеткен болатын. Енді міне жолаушылардың көріп-білгендеріне өзі де көңіл қоя бастады.

Ахмет бауыр Бошанның Абыралы Дегелең, Бөрлі, Дастар, Едірей, Сартау, Қу болыстарын аралағанда кеңес өкіметінің алға қойған елшілдік ұрандарымен таныстыра жүрді. Ахмет өз дұшпандарының көзіне түсіп қалмас үшін оның нөкерін көбейтпеуге тырысқан Рәзақ өз жөн-жобасымен жеке жүріп отырды. Тәшенге жиен боп келетін Абай ауылының адамдары Дегелең, Қу болыстарында жиі аялдады. Аралаған елдері қазіргідей аласапыран кезде Абай ауылының кімдерді жақтап, кімдерден іргесін аулақ салуға тырысқанын да сұраспай қойған жоқ. Ана жылы Мекайіл Тәшен мен Қаражанның сұрауы бойынша Қарқаралы мен Қояндыға келгені мәлім. Сол кезде Сәлкен Мұхтарды Тәшеннің кіші қызы Жамалға үйлендіріп, Петерборға алып кетуге ой қылғаны бар-ды. Сәлкеннің бұл ойы Мұхтарға іштей қызыққан Тәшен мен Қаражанның ыңғайымен жасалғаны анық. Мұхтар үйленуге көнбегеннен кейін, бірқатар адамдарға мәлім боп қалған бұл әңгімені елеусіз қалдырғысы келмей, ақыры Мекайіл Жағыпарға Жамалды айттыруға келісіп те қалған болатын. Бұл жұмыс Жағыпардың еркінен тыс жасалғанмен ол Мекайілдей ағасының алдынан шыға алған жоқ еді. Мекайіл: “Ұзын арқан, кең тұсау” осылай болады, — деп қана інісін жұбатқан.

Үлкендер арасында сөз болғанмен, Жағыпар мен Жамал бір-бірін бетпе-бет келіп көрмеген, Тәшен мен Мекайілдің құдалығы бауыр Бошан еліне түгел белгілі. Сол себептен Рәзақ Ахметті шығарып салушы ғана болмай, қайыншылап жүрген Жағыпардың бастаушысы ретінде жұртқа дақпырттанған болатын. Ахмет жеті болыс елді аралап өткенше, Сібірден шегінген Колчактың әскерлері қазақ даласына бірнеше бағытпен құйыла бастаған-ды. Семей мен Сергиополь қалаларын бетіне ұстаған бөлімдері Шыңғыс ішін қақ жарып өте Қоянды жәрмеңкесінің және Қарқаралыдан Семейге тартатын жандарал жолдарымен ағылды. Енді Абыралы тауларын бөктерлеп, Мейзек арқылы Шыңғыстың жоңтауларымен жүруге қорыққан әскер бөлімдері Тұлпар басқан биігіне жеткеннен кейін, төмен ойысып кеп, Шаған өзенінің сағасына бұрыла бастады. Колчак әскерлерінің жеңілістен естерін жия алмай жатқанын біліп отырған Семейдегі Алаш өкіметінің басшылары күні бұрын осы қиыншылық жағдайдан шығудың жолын қарастырғаны мәлім. Жау солдаттарының жүрген жерінде тонау мен қорлаудың етек алып кеткеніне күйінумен мазасызданған Бөкейханов өзінің серіктері Әлімхан Ермекұлы мен Ғалел Ғаппасұлдарымен ақылдасып, елді жау тырнағынан

аман қалу үшін, үшеуі бірдей ел арасын аралауға шыққанды. Қарқаралы өңіріне келген Әлімхан Ермекұлы Колчак әскерлерінің Қытайға қарай шегіне бастағанын көпшілікке түсіндірумен болды. Ел ішіндегі беделді адамдар мен болыс, билерге ауыр жағдайдың төніп тұрғанын жасырмай рулар мен ауыл-ауылдардың әрқайсысына жеткізуді өсиеттеді. Байтұрсынұлын Бошан жеріне шығара келген кезде осы әңгімелерге тап болған Рәзақтар Шыңғыс елі мен Абай ауылдарына да Әлімханның ақылымен хабаршылардың да жіберілгенін естіп біліп еді.

Қарқаралы жақтан осы суық хабар келіп жетпес бұрында, Сәлкен мен Қаражаннан дүркін-дүркін Абай ауылына жетіп жатқан сәлемдер қауіп пен қатердің төнуде екенін ескертпей қоймаған-ды. Екі жақтан да хабар алып отырған Шыңғыс елінің басты адамдары Рәзақтан бұл әңгімелерге түбегейлі түсініп, ақылдасып бір шешімге келу үшін, Абай үйіне жиналысқан болатын. Ел басшылары Рәзақтар келгенше жан-жаққа адамдарын қойып, сақтанудың жолдарын қарастырмай қойған жоқ. Жол бойындағы ауылдардың уақытша қоныс аударып бастағанын көріп келген Рәзақтар халықтың дүрлігуін басуға қол ұшын берудің де қажеттігі жеткенін тездетуді өтінген еді. Бірақ қолдары қысқа шалағай-шардақ кедей ауылдардың талайы “біздің немізді алады?” — деген шолақ ойлармен әлі де жылы қыстауларынан көшкілері келмей отырып қалғандары бар-ды.

Бұл ауылдар көбінесе Қарамырза мен Ескене жуантаяқтар еді. Азаматы мен көліктері сай Ике болыстың қол астына қарайтын Мәмбетейдің байлары Бұғылы мен Машан тауларының ішіне сіңіп үлгергендіктен, Шыңғысты бөктерлеп, Сергиопольге жетуге тырысқан ақтың әскер бөлімдері Шаған өзенінің сағасы мен қорық бойын жайлайтын ауылдарды қыспақтарына ала бастаған. Қайтқан жолдарында Қосқидағы Тәукенің үйіне соға кеткен Рәзақтар батырдың Абай ауылынан әлі қайтпағанын біліп, асығыс Жидебайға тартқанды.

Ахмет Байтұрсынұлын аттандырғаннан кейін, Күнжан қыстауда жалғыз үй отырғанын қолайсыз көріп, қайтадан бұзылған тамдағы жалпақ елге келіп қосылды. Бауырды мекендейтін ауылдар да қыстауларына көшпей, Есенбай жырасы мен Бұзылған тамда отырған қалың елдің ішінде бір-бірлеріне иін сүйеністіре жайғасқан еді. Рәзақ арқылы Ахметтен де бір жаңалық хабар болар десіп, кідірістеумен, күйістері қашқан жалпақ елдің ішінен Шәкәрім, Көкбай, Мекайілдер де кеткен жоқ. Тәуке, Нұрмағанбет, Боранбайлар да ауылдарына ат терін құрғатпай барып қайтып, бүкіл Шыңғыс елінің тыныс-тіршілігін Абай ауылына жеткізумен әрекеттеністі. Ахметті Жидебайдан Семейге қарай аттанды-

рып салғаннан кейін-ақ Шәкәрім, Көкбай, Мекайіл Абай үйінде бас қосып, елді жау шеңгелінен аман сақтауды ақылға салысқан кезде бұл әңгімеден Тәуке, Нұрмағанбет, Соколов, Боранбай, Мұхтар, Құтайбалар да сырт болған жоқ.

— Бір үйдің, бір ауылдың амандығын ғана тілей көрмеңдер, — деген Күнжан, — Абайдың қиын-қыстау кезде жоқ-жітіктерге қол ұшын қалай бергендігін еске аларсыңдар — деді. Абай орнындағы адамның осы бір ауыз сөзі көпті аңдатты да Шәкәрім, Мұхтар мен Құтайбаны шақырып алып:

— Әзірге менің көмекшім екеуің бола тұрасыңдар, — деп бұлар арқылы күнбе-күн жан-жақпен хабар алысып отыруды әдетке айналдырған болатын. Міне енді көп күттірген Рәзақ келісімен Абай үйіне елдің басты адамдары тағы жиналысып еді. Семейде Әлихан Бөкейханұлымен жолығысқан Ахмет сол күннің ертеңінде Қарқаралыға қарай жолға шыққан кезде ғана Рәзаққа:

— Мені тыңдағылары келмеді, — деп реніш білдірген болатын. Енді бұлармен айрылысар кезде елге ризалығын айта отырып:

— Абай аға жандарыңда ғой, ақылды өзі айтар, — депті. Рәзақтың жеткізген осы сәлемі бір сәтке тыңдаушыларын ауыр үнсіздікте қалдырған еді. Сыртта қатты жүріп кеп, тоқтаған аттылының жүрісі білінді. Ол атын ағаш діңгекке байлап, енді тездете басып, бері жүргендігі аңдалды. Саптамасының нәлді өкшесі жерге қатты тиіп, кейде қамшысының өрімі етігіне орала түскені де сезіледі. Қысылшаң жүрістегі адам екендігін аңдаған үй-ішіндегілер тегіс аңтарыла түсіп, етегін жел сабалаңдырып тұрған киіз есікке қарасып қалысты.

— Ассалаумағалейкум! — Бұл келген Мұса болатын. Ол жанына үш-төрт жігіт алып, бауыр елінің қыстаулары мен Қызыладырға кеп тоқтап қалған темір жол бойын және Архат бекетіне қарай созылып жатқан Арқалық тауының бөктерін шолып қайтып отыратын. Мұсаның тотыққан ажарынан салқындықты аңдаған үй ішінен бірінші боп Шәкәрім жауап сұрады:

— Сәлем бергеніңе рақмет, көріп-білгеніңді сөйле.

— Көкендегі Әлімхан ауылының бір адамына жолығып, бар жағдайды толық естідім, — деді Мұса, — кеше ақ әскерлерінің бір тобы Көкен тауының бауырын жайлайтын Уақ руының үш қыстауын өртеп, мал мүлкін талапты. Бүгін таң алдында тағы да үш қыстаудың өртке шалынғанын көрдім. — Бұл хабардан үрейленген үй ішіндегілер көпке дейін үнсіз отырып, өздерімен-өздері болып кетісті. Көкен тауын мекендейтін Уақ руының ішінде Қарамола съезінде Абайды жақтап, оның дұшпандарымен айтысқа түсетін Әлімханның бүкіл Орта жүзге аты жай-

ылған адам екені мәлім, сол жолы Абай дұшпандарын әшке-ре етуін ояз да қолдап, ақыры Абайды Қарамола съезінің Төбе биі сайлағаны белгілі. Абай мен Әлімханның сол достығын бұлардың кейінгі ұрпақтары да қадірлеп, қастерлейтін. Көкен тауының ішінде Әлімханның туыстары мекендейтін хандар сайы бар. Хандар ауылымен хабарласып отыруды Мұсаға өзі тапсырған Шәкәрім қозғалақтай түсіп, алға сәл жылжыды. Осы тұста қайнысының сөйлейтінін аңдаған Күнжан да өз ойын ортаға салып қалды:

— Ақылмен кескен бармақты ауырмайды деуші еді ғой, ойласаңыздар. — Жеңгесінің бұл сөзіне басын изей түскен Шәкәрім:

— Көкеннің еліне келген бүлікшілік бізді де есіркемейді, — деді. — Апатқа қарсы тұру үшін, азаматтарымыздың ақылы мен қажырлы қайраты, еліміздің ұйымдасқан бірауыздылығы керек.

— Дұрыс айтасыз, — деді Тәуке — елдігіміздің де, ерлігіміздің де сынға түсетін кезеңі осы деп білем.

Тәукенің бұл сөзін Көкбай да қостап:

— Көптің амандығы үшін, тартынар қисынымыз жоқ, — деді. Үй ішінде сәл үнсіздік орнаған еді. Шәкәрімнің тапсыруымен күніне бұл ауылға бір келіп қайтып отыратын Соколов та өз пікірін айтпай қалуын жөн көрген жоқ.

— Біздің тағдырымыз да сіздерден бөлек емес — деді ол, — сол себептен жаумен күресіміз де ортақ болуға тиісті. — Соколовтар Жидебай өңіріне келіп қоныстанғаннан бері қарай Шыңғыстың жалпақ елімен, оның ішінде әсіресе Абай ауылдарымен туыстасып кеткен-ді. Мынадай кездегі ұйым бірлігіне разылық білдіруін жөн көрген Шәкәрім:

— Біз Сіздерді түсінеміз, рақмет Павел Петрович, — деді. Осы кезде сырттан да:

— Күн бұзылды...

— Не отырыс бар? — деген дауыстар үйдегілерді шырқыра түсті. Өшіңкіреп бара жатқан отқа сарқидың бірер кесегін жұтқызып жіберген Нұрмағанбет:

— Сөзді ұзартпалық, — деді. Енді әңгіме бітіп қалғандай болды да, отырғандар Шәкәрімнен бір жауап күткендей еді, ол жанындағы Көкбай мен Мекайілге бұрыла түсіп, Күнжанға қарады. Қайнысының “Не айтасыз?” дегенін аңдаған жеңгесі:

— Елдің амандығынан қымбаттымыз бар ма еді? — деп қана тоқтап қалды. Күнжанның сөзінен соң ұзап бара жатқан үнсіздік енді Шәкәрімге тірелді:

— Маған үлкендердің жол-жорасын ұсынғандарыңызды теріс демеймін, — деді ол, — бірақ қолына ақ таяқ ұстағандарды алға тартып, билік айтуды тілейтін уақыт өтіп кетті. Жаңа

заман туып келеді. Оның ойдағы-қырдағы сырына Мұхтарымыз бәрімізден де жүйрік. Аяғына тұсамыс түсіп, жүріп-тұруы қиындаған менен гөрі осы бір ауыр кездегі ел тізгінін Мұхтар ұстаса деп отырмын. Менің бұл сөзді айтуыма жаңа ғана Мұсадан естіген Көкен жеріндегі Уақ ағайындарымыздың жағдайы себеп болды. Қазір осы Абай үйіндегі мәжілісімізге Шыңғыс жерін мекендейтін болыстардың ел алдында атақ-абыройы бар адамдары қатысуда. Тәуке-Бұғылы Шаған болысынан болса, Көкбай ақын Мұқырдан, Нұрмағанбет пен Боранбай Қызыл Адырдың өз адамдары, біз болсақ Шыңғысқа қараймыз. Ендеше мұндай кезде Құтайба сияқты бір ғана болыстың сөзі көпке өте бермейді. “Абай ауылы не айтып, не істеп жатыр екен?”, — деп бізге қара тартатындар аз емес. Оңтүстігімізге қарай ағайындарымыздың Дағанды, Шұбартау болыстары жайласа, түстігімізде Наймандай жалпақ еліміз отыр. Ақ солдаттарының Көкен жерінде жасаған бүліншілігі басқа жерлерде болмайды деп, кім айта алғандай. Болыстарға бөлінісіп, бөлшектенуден гөрі ортақ жауға күшімізді біріктіріп, басқаруды бір орталыққа бағындырсақ, күрес ашуымыз да жеңілейеді. Мұндайда бір ғана болыстың өмірі әлсіз. Маңайымыздағы ел қамын тұтас ойластыратын болғаннан кейін, басқарудың аумағы кеңіп, талай болыстарға қарайтын елдердің тағдыры ауқымдырақ басқарудың иесін керек етері даусыз. Қазір ұлықтар сайлаған болыстардан халыққа жаны ашитын адамның ақылға сыйымды сөзін жұрт көбірек тыңдайды. Мұхтар біздермен ғана емес, Семейдің де үлкенді-кішілі зиялы адамдарымен өрістес. Әр ұлттың білімді саналатын адамдарымен де қатар жүр. Қазіргі заманның ағымын да жақсы түсінеді. Өнерге деген өз еңбегімен де көпке танылып қалды. Мұхтардан басқа біздің үміт артып, зор жауапкершілік жүктеп, ел тағдырын билете қояр азаматымыз жоқ. Сондықтан да бар билікті Мұхтарға беріп, жолың болсын десек деймін. Шәкәрімнің бұл ойын:

— Ел билеуге араласатын Мұхтардың дер кезі — деп Көкбай да қостаған еді. Күнжан да аналық пейілін білдіріп қалды:

— Осында отырған ағаларың ел тағдырына орай саған зор аманат жүктегенін естіп отырсың, қалқам Мұхтар. Реті де осылай. Абай атаңның аруағы жар болсын! Халқың үшін еш нәрседен тартына көрме?

— Жеңешеміздің сөзі жөн ғой, — дер Тәукенің ойын Нұрмағанбет пен Боранбай да қостай түсті:

— Жасымыздың үлкендігін бұлдамай, көмекшің болуға әзірміз.

— Ақылшыларымыздың айтқаны бәрімізге де жүктелген аманат. Осы кезде Құтайба бар ниет-ықыласымен омырау

қалтасынан Шыңғыс болысының мөрін суырып, Мұхтарға ұсынды:

— Құтыла алмай жүр едім, Шәке — ағам арманымнан шығарды, енді сен ие бол. — Мұндайлық әңгіменің куәсі болармыз деп ойламағандар бір-бірлеріне жалтақтасып, шындары мен әзілдерінің қайсысы екенін аңғарыса алмай өздерімен-өздері болыса бастады. Үй ішіндегілер көз алдарындағы бұл әңгіменің немен аяқталарын асыға күтіскен ыңғаймен аңтарылып қалысқан болатын.

— Жо...оқ, — деді Құтайбаның мөр ұсынған қолын жайлап қана кейін сырған Мұхтар. — Кісілікке құмар еместігім өзіңе мәлім емес пе? Сайлауға ояз қатысып, шарға түсіп, сайланған болыстық дәрежеңнен ешкім ала алмайды. — Мұхтар мен Құтайба сөздерінің мәнісіне түсінген Қажы ойын қайта жалғастырды:

— Құтайба, сені болыстығыңнан түсіргелі отырғамын жоқ. Орныңнан алу қолымнан да келмейді. Қаптап келе жатқан жау әскері бір ғана Шыңғыс болысының үстімен өткелі тұрған жоқ қой. Көкен тауын мекендейтін Уақ ағайындардың ауыр жағдайын естіп көре отырып, біз қалай сырт қаламыз. Мұндайда болыс атаулы өзінің қарамағындағы елді ғана ойламай, жан-жақтағы қандас туыстарға да қол ұшын беруі керек. Ұйымдасқан жалпы ел бірлігінің басшысы Мұхтар болады. Болыстар, сендер Мұхтардың айтқанын екі етпей орындауларың керек. Абай үйіндегі біздің бұл шешімімізді қазір осында отырған әр болыстың адамдары елдеріне жеткізеді. Азулы жаудан бірігіп сақтаналық дегенге ешкім қарсы шыға қоймас деп ойлаймын.

Қажының бұл айтқандарына орай Тәуке:

— Қырсық-қыңырлар кездессе, есеп те жасаспаймыз ба? — деді. Өзінің әлгі әрекетіне енді ыңғайсызданған Құтайба:

— Денсаулығымның нашарлығы, — деп еді, Қажы “сенің бұл жағдайыңды мен білмеймін бе?” дегендей болды да жалғастыра түсті:

— Саяқ жүрген таяқ жемей қоймайды. Тұтастықтың берекесі мол. Одан жаулары да ығысады. Бізге қазір кісіліктен гөрі көптің амандығын сақтауға қажырлы қайрат керек. Әр ошақтың басында отырып ап, жер сабалап, билік айта бастасақ дұшпандарымыз түгіл достарымыздың да табанының астында қаламыз. Осылай қарағым, Мұхтар. Бұларды сен білмейді деп есіңе салғаным емес. Үлкен-кішілеріміз де ескере жүрелік деген оймен Абай аға үйінде әдейі сөз етуіме тура келді.

Ойындағыларын осылайша ортаға салып тоқтаған Шәкәрім көпке дейін ауыр ойға түскен күйінде отырып қалды. Жұрт айтқанын екі етпейтін бұл адамның үнсіздігі үй

ішіндегілердің де тынысын ауырлатып, тек киіз есік етегінің босағаны сабалай түсуі ғана асығыстық белгісін аңдататын тәрізденіп тұрды. Шәкәрімнің әлгі сөздерінен ел басына түскен ауыртпалыққа оның күйзеліс күйін әркім-ақ таныды. Өзінің ағайын туыстарынан гөрі ел қамын ойлаған Қажының сөздері енді ұлы ұстазы Абайдың атына лайық пікір айту үшін Мұхтарды да терең толғанысқа түсірмей қойған жоқ. Сырттағы желдің де қатайып, ұшқындаған қар қиыршықтарының шаңырақтан себелеуі де молайып барады. Түпсіз тереңдікпен қарауытып ұңғыл-шұңғылданған бұлттардың аңғал-саңғалданған ара-арасынан өлусіреген болымсыз сәуле жылт етіп қалады да, қайтадан қою бұлыңғырға жұтылып кете беріп тұр. Шаңырақтан байқалған осы бір көріністер Шәкәрімнің әлгі айтқандарының белгісіндей боп табиғаттың да қаталдыққа ауысқанын аңдататын тәрізді. Өзіңе ғана емес, еліңе де жол тап дегендей боп, Мұхтардың көз алдына бұрыннан естіп, көріп, білген жайлары мен оқыған кітаптарындағы оқиғалар да сапырылыса бастады. Әлгі бір әзірде ғана төменшік тартып жасып қалғандай үнсіздікке көмілген Шәкәрімнің отырысы енді қайтадан еңселі тартып, кеудесін жапқан бурыл сақалы ішкі ой толғанысынан ауық-ауық сілкіне түсіп, назары алысты мегзеп тұрды да баяу сөйледі:

— Қиындықты жеңудің жолын ақылдасып шешпей, пәлежаладан құтылам деудің қисыны жоқ. Бір-бірімізге жәрдемдесіп, елді жау шапқыншылығынан амандап қалудың ретін қарастыралық. Әкімдікті де ұмытып, азаматтықпен жұмыс істеңдер.

— Сен де Құтайба балам, Қажы қайнымның ақылын алғаның жөн, — деп Күнжан да сөзге араласып қалған еді. Көкбай да тақиясын бір қозғап қойып:

— Біз де осында текке бөгеліп жатқанымыз жоқ, — деді. — Кешегі Абай жарықтықтың көзін көріп, өсиет-өнегесін тыңдаған біздердің ел қамынан бөлек қандай тілеуіміздің болуы мүмкін. Жеңешем мен Қажының сөздері қазіргі күйзелісте отырған елдің жай-күйінен туып отыр.

Енді басқадай сөзге араласар кісінің жоқтығы байқалды да үй ішіндегі үнсіздік Мұхтардан жауап күтіп қалғандай болды. Мұны байқастаумен кідірістеген Мұхтардың сөзі ұзаққа созылған жоқ.

— Сіздердің жасаған ұйғарымдарыңызға келіспеймін дейтін қисыным қайсы? Тек үміттеріңізді ақтай алмай қалмасам деп күдіктенемін.

Мұхтардың бұл сөзінен үй ішіндегілер қозғалақтасып бір белең асып жібергендей сезінгенін аңдаған Шәкәрім үйдің сыртындағыларға да естірте қатал үн қатты:

— Үлкенің бар, кішің бар Мұхтардың айтқанын бұлжытпай орындайсыңдар. Алда-жалда қыңыр-қырсық мінез көрсетіп бұра тартатындар болса, қашан айтты демеңдер, төрелігін осында отырғандарымыз бірігіп айтатын боламыз. — Дәл осы бір тұста бұл әңгіме басталғаннан бері қарай сөзге араласпаған Мекайіл:

— Елдің қамын ойлағысы келмегендерге нендей жаза қолданса да обалдығы жоқ, — деді. Көптен бері түйіні шешілмей алаңдатқан үлкен жұмысты бір ауыздан қостаған жұрт жапа-тармағай қозғала бастаған еді, төрдегі үлкендердің ыңғайымен Мұхтар да орнынан тұрды.

II

Абай үйіне жұрт жиналмас бұрын бұлыңғырланып тұнжыраңқы тартқан күнге енді суық жел шығып, қар да жауа бастады. Бағанағы бір әзірде көмескілеу көрініп тұрған Доғалаң мен Шұнай, Қыдыр тауларын сәт сайын қоюланып бара жатқан жауған қардың бұрқасыны жұтып қойды.

Ешкі өлмес адырынан бергі ойда жатқан қалың-қалың жылқылардың табындары да көзден тасаланып бара жатыр. Өртең тауынан бергі жазықтағы Найзатас қана мойнын созып бұлыңғырдың арасынан бас бағып қарап тұрғанға ұқсайды. Міне енді шығыс терістікке қарай Есенбай жырасын жағалап орналасқан ауылдар да көрінбей кетті. Тек Бұзылған тамның жазығында біріне-бірі иін сүйеністіре жайғасқан Абай, Әуез ауылдары ғана алаң-пұланның ара-арасынан бой жазып қалып тұр.

Абай үйінен шыққан бетте осы көріністерге тап болған Мұхтар кермеде байлаулы тұрған аттарының жанындағы Шәкәрім мен Көкбайға бұрылды. Олар өздеріне келе жатқан Мекайілді тосып тұрғанға ұқсайды. Үйден шыққан басқа адамдар да тарасып кете алмай бір-бірлеріне әлі де қарайласып тұрғанын тану қиын емес. Өз ойымен өзі боп, үйден шыққан соң да көпшіліктен сәл жырақтаңқырап қалған Мұхтар бұл мінезіне енді кешірім өтінгендей боп, Шәкәрім мен Көкбайға келген Мекайілді де әңгімесіне тарта:

— Мұндай қиын жұмысқа бұрын араласпағаным өздеріңізге мәлім еді, — деді. — Менің істегендеріме бақылау жасап отырсаңыздар екен.

Мұхтардың бұл тілегіне алдымен Көкбай жауап қатты:

— Ел де, жер де өзіңдікі, жасқаншақтап тартынар қисының жоқ. Есіңде ұстағайсың, біздің саған тапсыратын жұмысымыздың ең ауыры әлі алда. Мұндай шаруаға аралассаң, ертеңгі өзіңнің жазу жұмысыңа да көп септігі тиеді.

Көкбайдың нені мегзей сөйлеп тұрғанын аңдаған Шәкәрім:
— Абай ағамыз да дәл сенің жасыңда ел ішінің жұмысына араласып, өзінің үлкен ғұмыр жолын бастаған, — деді, — адамның сабырлылығы ақылды да өз орнына жұмсағыш келеді. Бәрін оймен болжап, таба білем деуден гөрі әр жұмысқа араласа білудің де қажеттігі көп болады. Абайдың үлгі-өнегесінен үйренемін деп, талаптанушыларға осы елдің өз ішінде халықты басқаруға еңбек етудің ерекше мәні бар. Жазу-сызуды ойлана жүретін Көкең Абайдай ұстаздың ең жақын шәкірті болған соң, саған мегзейтін нысанасы Мекайіл екеуімізге мәлім екені рас. Көкеңнің ойын құптайтын біз, бүгін саған тапсырған жұмысымызды онымен байланыстырғымыз келмейді. Көңілдегінің ойдан шыққанда өңі қашпас үшін, қазіргі ел басына түскен қиыншылықтың жайын сөз еткеніміз жөн болар. Саған тапсыратын аманатымызды топтастырмай әр нәрсені өз уақытына орай ұсынғанымыз орынды болмақ.

Қажының бұл айтқандарынан тоқтам тапқан Көкбай мен Мекайіл енді Мұхтардың ойын естуге кідірістей берісті.

Абайдың аты аталған соң, қиын көрінген жұмыстарының бәрі енді басқаша жайға ауысып бара жатқанын сезінгендей болған Мұхтар ағаларының ойларын да түсінбей қойған жоқ. Абайдың ұлы есімін қандай жағдайда болса да ескерусіз қалдырмайтын осындай ағаларының барлығына өзін бақытты санаған оның бүгінгі шаруасы тапсырылған көптің аманатын орындау еді. Сондықтан да ол ойындағысын ортаға сала бастады.

— Алғашқы айтпағым, Абай ағаның үйі Жидебайдағы қыстауында қалуына болмайды, — деген еді, бұл сөзін Шәкәрім бірден қостады.

— Біз мына Көкең екеуіміз жаңа ақылдаспақ боп Мекешті шақырған едік, біздің ойымызды міне Мұхтар тап басып тұр. Дұрыс айтасың, Абай ағаның үйі Жидебайдан қоныс аудара тұруы керек.

Шәкәрімнің сөзіне ілесе Мұхтар ойын тағы жалғастырды:

— Жидебайдағы Абай қыстауы Көкен, Доғалаң, Ягодкин арасын жалғастыратын жол үстінде орналасқандықтан, шапқыншылыққа бірінші боп, ұшырап кету қаупі барын ескеруіміз қажет.

Осы кезде бұлардың жанына Соколов та келген еді, Мұхтар сөзін үзген жоқ. — Ягодкин селосы жау әскерлері Көкеннен Сергиопольге не Архат бекетіне тартса да жол үстіндегі бірден-бір үлкен елді мекен.

Ол енді Соколовқа бұрыла берді:

— Сіз қалай ойлайсыз, Павел Петрович, меніңше, селоның қазір анда-мында кеткеннен қалған бар адамын басқа жерге көшіре тұрғанымыз жөн сияқты.

Жаңа ғана Абай үйіндегі әңгімеге қатынасып, енді еліне қайтуға ыңғайлана бастаған Тәукені қоршаған Нұрмағанбет, Боранбайларды да бұл әңгімеге тартқысы келген Мұхтар, оқшау тұрған оларға естірте:

— Сіздер де мұнда келсеңіздер қайтеді?! — деді.

Сөйткенше болған жоқ, әлі де Абай үйінің маңында кідірістегі өз жөндеріне кете берулеріне ыңғайсызданып жүргендердің бәрі де енді Мұхтардың маңына жинала берісті.

— Ягодкиннің тұрғындары Нұрмағанбет ағаның өз үйінен бастап Қалбике мен Боқайдағы бар ауылдарға сыйыса тұрса деймін, — деді. — Бәрі де бізбен достасып кеткен көрші ағайындар емес пе? — деген Соколов, — қарсылығымыз жоқ, — деді, — тек біз тұтас көше жөнелуге көліктен тапшымыз.

— Ол жағын ойластырамыз, — деген Мұхтардың сөзін Нұрмағанбет жалғастырып әкетті:

— Қалқам, Мұхтар-ау, біраз күнге сыйыса тұрмақ түгіл қыстап шықса да менікі, сенікі дейтіндер бізде болмайды. Жайшылықта дастарқандары жиналмаған ағайындар енді есіктерін бекітіп аларлық нендей қисындары бар. Біз Павел екеуіміздің өздеріміз-ақ реттейтін шаруа екеніне сеніңіздер.

Нұрмағанбеттің сөзін Соколов та қостай түсті:

— Бізге алаң болмаңыздар, тек дұшпанның жаулығына бас иіп қалып жүрмесек болғаны.

Бұл пікірді тұрғандардың бәрі де теріс көрмеген еді, Мұхтар өз ойындағысын жеткізе берді:

— Ұзын жол өтетін Шыңғыс бөктеріндегі қыстауларға да елді орналастырмағанымыз жөн сияқты, әскер бөлімшелері картасыз бағыт ұстап келе жатқан жоқ. Қыстаулар түгіл төбе-төмпешік, бастау-бұлақ, жолдар мен сүрлеу-соқпақтар да офицерлердің карталарынан сырт болмайды. Өз-өз қыстауларыңа барып жайланып жайғаса беріңдер, деп күзектен әлі көше алмай отырған қалың елді жау қолына түсіруге себепшілік етіп жүрмелік.

Күн суыта бастағаннан бері Шыңғыстың жон тауларын мекендейтін ауылдар ғана қораларына қонған-ды. Бауыр елі мен Шыңғыс бөктеріндегі және Доғалаң, Орда, Архат тауларын мекендейтін елдер де қаға беріс қоныстарды мекен етіп, әлі күнге дейін Абай ауылдарына қарайлап отырған-ды. Олардың да біраз басшы адамдары Бұзылған тамдағы ауылдарға ертелі-кеш қатынасып, күнделікті жағдаймен танысып, аттарының терін құрғатқан емес. Бүгінгі Абай үйіндегі әңгіме елдегі бар жағдайды ескере келіп, қазіргі Мұхтардың сөздерінен байлауын тауып жатқан осындай себептері бар еді.

— Мұхтардың әлгі айтқандарына тоқтамасқа кетіміз жоқ, — деді Шәкәрім. — Өздері қашып келе жатқан солдаттарға

керек емес дүниесі болмайды. Олар қазақ елінің бар дәулетін көшіріп әкетсе де бізге обал демейді. Сол себептен сақтанғанымыз дұрыс. Мұндайда әркім өз бетімен бөлектенуге тырыспай, бір орталыққа біріккен тұтастықты сақтағаны жөн. Семейге Ахметті жіберген едім. Бүгін-ертең ол да келіп қалар. Қаладағы ниеттестеріміз әлдірек отырса, біздің де ісіміздің сапары оң болғаны. Тек абыржудан сақтаналық.

Шәкәрімнің бұл сөзін Көкбай да қостады:

— Бірліксіз өмір жоқ қой. Жаңа Павел тамырымыз өте орынды бір сөз айтып қалды. Оны Мұхтардың өзі ескерер. Ертерек күндердегідей ру-рудан қол жиып, жасақ құру біздің жағдайымызбен үйлесе қоймайды. Дегенмен “жауды аяған жаралы” деген сөз тегін айтылмаса керек. Көке, сіздің бұл айтқандарыңыз да Мұхтарға ой салу үшін қажет шығар. “Жау кеп қалды, тегіс атқа қоныңдар?” — деп, көздері қанталап, келе жатқан бесаспап солдаттарға, құрық пен шоқпар ұстаған азаматтарымызды қарсы қоя берудің қисыны бар демеймін. Сақтық жасауды да өз орнында жасаттырған орынды.

Шәкәрім мен Көкбайдың бұл сөздеріне қостағандық ыңғайын байқатып тұрған Мекайіл өзінің бір болжамында ескертіп қойғанын жөн көретін сияқтанды:

— Көкен тауындағы Уақ ағайындардың күйзеушілік жайын естіп отырмыз. Біз бүгін оларға басымыз аман, малымыз түгел болып көрінудеміз. Қиыншылық көріп жатқан көршілерімізді де елеусіз қалдырып алмасақ екен деп ойлаймын.

Осы үш адамның айтқандарынан соң, ешкім сөзге араласа қойған жоқ. Ненің теріс, ненің дұрыс болатынын уақыттың өзі көрсететініне сенімі зор Мұхтар үлкен адамдардың ақыл-кеңесін есінде ұстауға уағда еткендей болды да:

— Қалбике біздің кездесіп отыратын мекеніміз болса қайтеді? — деді.

— Болжамың дұрыс, — деген Шәкәрім, — қысқа күннің қысыл-таяң шағы бәрін де тездетуімізді аңдатып тұр, қарағым Мұхтар, мына Көкең екеуімізге тапсырар қандай шаруаң бар?

— Шәке аға, ойымды айтудың ретін таба алмай тұр едім, сөзімді өзіңіз бастап бергеніңізге рақмет, — деді. — Сіздің қыстауыңыз Шыңтаудың ішінде. Солдаттар түгіл жай адамның өзіне де бел-белесі көп. Абай ағаға тарап, бес ауылын маңыңызға орналастырарсыз.

Мұхтардың бұл байлауына Шәкәрім сөзге де келген жоқ, қастарына келіп тұрған Жағыпарға:

— Ауылдарды тездетіп көшіріңдер де басқалармен бірге өзің де Мұхтар мен Құтайбаға көмектес, — деді.

Шәкәрімнің сөзінен соң, Көкбай да қайтатын ыңғайын аңдатты.

— Хабарласып тұратын көмбеміз Қалбикедегі Нұрмағанбет ауылының болғаны бізге де ұрымтал. Білгенімізді ортаға салыстық білем, Мұхтар қарағым. Мұқыр елінің адамдарына осындағы көріп-білгенімізді жеткіземін.

— Әлгіндегі Павел Петровичтің пікірін теріс дерлік қисын жоқ, — деді Мұхтар. — Ел жағдайы өзіңізге мәлім ғой, Мұқыр елінің бар азаматтарын Қалбикеде жинап алуымыздың қажеті аз. Ауылдарыңыз бала-шаға, кәрі-құтаңдарымызға қамқор боларлық қолғанаттан ажырамасын. Тек аңшының мылтығы сияқты қаруы бар азаматтардың ертең Қалбикеде бас қосқандары дұрыс.

— Мұхтардың бұл сөзі орынды ғой деймін, — деген Көкбай тұрғандармен есен-саулық тілесіп Шәкәріммен бірге аттарына таман аяңдаған болатын...

III

Шәкәрім мен Көкбайды аттандырысқаннан кейін де Мұхтармен тілдесіп кету үшін бөгелістеген адамдар Мекайіл, Тәуке, Боранбай, Нұрмағанбет бастаған үлкендердің алдына түсіп сөз қозғаса қойған жоқ. Ұзап бара жатқан үнсіздіктің өзінен бір жауап күтіп тұрғанын білетін Мұхтар:

— Бораш аға енді сіздің де кешіге беруіңізге болмайды ғой деймін, — деді. — Ауыл арасы жақындармен ертелі-кеш кездесіп жатамыз. Қазір осында тұрғандардан сіздің жолыңыз басқарақ. — Өзім де асығыстаймын, — деді Боранбай.

Текебай мен Мырза, Жөкең рулары тобықтылардың басқа аталарынан жырағырақ орналасқанын еске алып, олардың мұндағы дүбілісті естімей қалмау жағын көбірек ескертті.

Бұл күндер Қызыл Адыр болысы атанатын кешегі Қоңыр Көкше тобықты елінің Сергиополь қаласымен үнемі байланыстарын үзбейтіні Тарбағатай, Алакөл, өңірін жайлайтын руларға әбден мәлім. Аягөз бен Сергиополь туралы сөз бола қалса-ақ Мұхтардың ойына Сабыржан мен Айғыз елестемей қоймайды.

Осыдан екі жылға тақау уақыт бұрын, 1917 жылдың аяғында үлкен Семейдің шығыс жағындағы Мәнзура әнидің үйіндегі Шугаев бастаған төңкерісшілердің өткізген мәжілісі ешқашанда ойынан шығып көрген жоқ. Сол түнгі өзінің Сабыржан және Айғызбен бет-бет жүздесуі де ерлік жолына түскен адамдардың қадір-қасиетін тануына көмектесті. Жетісу майданының соғыс жөніндегі нұсқаушысы қызметін атқара жүріп Сергиополь қаласында кеңес өкіметінің алғашқы комиссары бол-

ған Сабыржан жауменен шайқаста 1918 жылдың он тоғызыншы мамырында Балтерек деген жерде азаптап өлтірілді.

Көшкінбай қызы Айғыздың ерлігі де отбасы, ошақ қасынан ұзамаған қазақтың қыздарын дүр...р сілкіндіріп жібергендей әсер етті. Сабыржан мен Айғыздың ерлік күресі халықтың жауларын да шошындырмай қойған жоқ. Сол себептен де Колчак әскерлерінің зұлымдық әрекеттеріне арқа сүйеген жергілікті қала әкімдері мен олардың жақтастары кеңес өкіметін жақтаушыларды қуғын-сүргінге салғаны Мұхтарға мәлім. Енді мынандай аумалы-төкпелі қиын кезде пайдаланып бостандыққа ұмтылушыларды қырып-жойып жіберуге тырысушыларына дау жоқ. Сондықтан да көрші елді де пәлежаладан аман сақтап қалудың жолын күн ілгері ойластыруын жөн көрді.

Сергиополь қаласының тұрғындарымен ғана емес, Аягөз өңірін мекендейтін ол жағдайын жете білетін Боранбайдың әйелі Төлеужан Айғызбен туыс. Мұны білетін ел жаулары Боранбайды жазалауды да ойластырмай қойған жоқ. Бірақ колчакшылардың тезірек Сергиопольден аласталуы Боранбайға жауларының қолын жеткізбей кетті. Оның үстіне Боранбай мен Сабыржанның болыстары ғана емес, ояздарының да басқалығы тергеу жұмыстарын созалаңдатып, кеңес өкіметіне ниеттестердің көмегімен аяқсыз қалдырылған еді.

Аягөз өмірінің көп әңгімесі Абай ауылына Боранбай арқылы жетіп отыратын. Әсіресе өнерімен елге танылған адамдар жайы жиі-жиі сөз болатын еді. Сабыржан мен Айғыз жау қолынан қаза тапқаннан кейін, көбірек әңгіме болып жүрген адам — ақын Есімхан Сәмембет ұлы. Есімхан 1905 жылғы төңкеріс оқиғасынан өз бойына сарқылмайтын қуатты күш алғандай болған ер азамат еді.

Есімхан Сергиополь қаласына жиі қатынайтын. Оның көптеген себептері бар-ды. Ол кезде Аягөз округ орталығы болумен қатар Шыңжан мен Орта Азия арасындағы ірі сауда орталығы саналатын. Мұнан Ташкент — Бұхара және саудагер көпестері жыртылып айрылатын. Жан-жақтан ағылып келетін саудагерлер қыр қазақтарының көп нәрсеге мұқтаждығын біліп алып, халыққа заттарын қымбат бағамен өткізетіндіктен, әсіресе шеттен келетіндер Сергиополь базарын өз меншіктеріне айналдырып, күндіз баласы түгіл түнде де сауда-саттықпен айналысатын дүкендері аз болмайтын. Бір жағы Семей мен Қарқаралы екінші жағы Құлжа, Ташкент сияқты қалалардың арасын мекендеген қалың қазақ елінің бірден-бір жиі қатынайтын жері Сергиополь базары болғандықтан, мұнда ақын, күйші, жыршылар да көп жиналып, олардың өнеп сайыстары да қысы-жазы бірде-бір сәтке толастап

көрген жоқ. Қоянды жәрмеңкесі жаздың бір-ақ айын өнер адамдарының басын қоса алса, Сергиополь қаласы жыл бойына ду-думанның қызығынан ажырамайтын. Осындай себептерден де көптеген өнер адамдары Сергиополь қаласынан қол үзбейтін.

Соның бірі Шыңғыстаудың Қос өзенінің бойын жайлайтын ел адамы ақын Есімхан Сәмембетұлы болатын:

Есімхан Найманның Еңірекей болысының Шыңғыстағы тобықтылармен көршілес ауылдарының адамы болғандықтан, өзін Абайдың шәкірттерінің бірінен санайтын. Әсіресе жаз жайлаулары Бақанас, Байқошқар өзендерінің бойы болғандықтан, Шәкәрім ауылына да жиі қатынап, ақынның поэмаларының бәрін де жатқа білетін. Осындай оның өнеріне табиғат берген тамаша даусы, домбырасымен атақты күйшілердің шығармаларын орындаушылық қабілеті де көптің сүйіспеншілігіне бөленген өнер иесі боп кетті. Қос өзенінің Шыңғыстан шығатын сағасында Ақтанберлі батырдың бейіті тұр. Ақтанберлі батырлығымен ғана емес, ақындығымен де бүкіл қазаққа аты шыққан ақылгөй, даналық өсиетін ұрпақтан-ұрпақ жаттап өсіп келеді. Түбек пен Сабырбай бастаған Жангөбек руынан шыққан он жеті ақын да Ақтанберлі бабаларының аруағына аз сиынған емес. Осы он жеті ақынның кейінгілерінің көбімен пікірлес те, дастарқандас та болған Есімханның бүкіл қалың найман еліне қадір-қасиеті ерекшеленіп тұратын екінші бір жағы бар.

Ол Есімханның қазақ халқына әйгілі Барақ батырдың жақын туыс ұрпағының бірі болып келетіндігі еді.

Жақсы да болса, қарағым,
Жаман да болса, қарағым,
Солтабай маған бере ме
Жақсы туған Барағын,

— деген ел аузындағы аңыз да тегін айтылмаса керек.

Осындай себептер де кейбір жағдайларда Есімханды Әріптен де жоғары санаттырып, өркештендіре жүретін. Есімхан найман елінің ішінде ғана емес, тобықтылардың арасында да зор беделмен пайдаланатын. Оның ата қыстауы Қос өзені мен Боранбайдың мекен-жайы орналасқан Бөрлі Қаракезеңінің ара қашықтығы бес шақырымнан аспайды. Ауылдарының жақындықтары ғана емес, өнер туыстықтары бір-бірлерімен аса достастырып жіберген-ді. Сергиополь қаласына жан-жақтан жиналатын өнер адамдарының арасына Есімханмен бірге Боранбай да жиі қатынайтын. Айғыз жақын қайынбикесі боп келгендіктен, сол үйден де ақын мен әнші

күйшілер үзілмейтін. Өнер адамдарын қатты құрметтейтін Сабыржан Боранбай, Есімханмен де ертеден-ақ достасып кеткенді.

1905 жылғы орыс жұмысшыларының Петербурдағы төңкерісі қазақ даласына да сан қилы дақпыртпен халық арасына тарап жатты. Сол ұлы оқиғаны Сабыржан бастаған қаланың көзі ашық азаматтары елге түсіндірумен болды. Өмірдің қиыншылығын жеңу үшін, бостандық жолындағы Петербург жұмысшыларының күресі Есімхан сияқты ауыл мен қаланың талай азаматтарына игі әсерін тигізбей қойған жоқ.

Қазақ елінің кең қолтық, қонақжайлығын өздерінше надан, топастығы деп түсінетін бай көпестер мен Сергиополь қаласының әміршілері аз болған жоқ. Әсіресе Аягөздің әскери штабының қолпаштауына сүйенген олар беттеріне тура қарағандардың бәрін әйтеуір бір қылмыстың ретін тауып, кінә артып, қатты жазалаумен елді қысымға алатын.

Сергиопольдің базарына әрі қала маңындағы қазақтардың жерлеріне қызыққан орыстың байлары мен атамандары аз болған жоқ.

Олар тұрғын халықтардың жерін тартып алып, оны өз меншіктеріне иемденді. Жер-суынан айрылған қазақтарды күшпен зорлап, құлдарына айналдырды. Соның бірі, Сергиопольге ғана емес, бүкіл округтің халқын зұлымдығымен зар илеткен қанды балақ атаман Василий Савельев дейтін еді. Савельев Сергиопольдің батыс жағындағы Шыңғыс пен Ақшатаудан буырқанып шығатын атақты өзен Қалғутының Батпақ дейтін тарауын жеке иемденіп, айналасы бес-алты жылдың ішінде Аягөз дуанының ең ірі байы болып, қала мен далаға бірдей әмірін жүргізіп, жалпақ елді қан қақсатумен жылаған баласын уатты. Қаланың әскери штабының бастықтарына арқа сүйеген ол меншіктенген жеріне түсіп кеткен адамдардың малдарын иемденгенімен қоймай, оларға “жала жабушы” деп, өз әмірімен дүре соқтырды.

Атаманның бұл сорақылығы көпке мәлім болғанымен, бірде-бір адам оған қарсы сөйлеуге батылы жетпеген соң, Савельев бұрынғысынан әрі озбырлана түсті.

Бірде қаладан қайтып, үйіне келе жатқан Есімхан Батпақ айрығының үстінен өтіп келе жатып атаманмен кездесіп қалады. Савельев Есімханнан жербасар даулап, әкімдігімен күш көрсетіп қамшы жұмсайды. Бұрыннан да бұл атаманмен өштесіп жүретін Есімхан оны соққыға жығады. Бірақ есін тез жиған Савельев таяу жердегі әскери бөлімнен алты кісі көмек алып, Есімханды қуады. Енді қашып құтылуына мүмкіндік жоқтығын көрген Есімхан ағаштан сойыл кесіп ап, айқасқа шығады да атаманның бар адамын соққыға жығып құтылып кетеді. Бірақ

көп ұзамай Аягөз әскери штабы мен оған сүйенген жергілікті әкімдер Есімханды ұстайды да абақтыға жаптырады. Олар мұнымен де қанағаттанбайды, Есімханды Степан Халтурин атандырып, губерна әкімшілігінен оны өлім жазасына кестіруді сұрап, өтініш-хабарлама да жолдайды. Есімхан Алматы абақтысында үш жыл жатады. Бұдан кейін оны Үркіттің лагерінде алты жыл ауыр жаза өтеуге айдайды. Содан тек 1915 жылдың аяғында ғана туған еліне оралады. Сабыржан мен Айғыз ақтардың қолынан азаппен өлтірілгеннен кейін, бұлармен Есімханның ежелгі достықтарын сылтау етіп, оның соңынан түсушілер де аз болмайды.

Қызылдарды жақтайды — деп Есімханды қаралаушылар оның бабасы Барақ батырды да арыздарынан тастамауға тырысады.

1843 жылдың жазында поляк халқының төңкерісшіл демократы Адольф Янушкеевичті қарсы алып, Аягөз өңірінде оған зор құрмет көрсеткен Барақ батыр екені бүкіл елге мәлім. Арада жетпістен аса жыл өтсе де, Барақтың Адольф Янушкеевичті қазақ елінің өткен-кеткенімен таныстырып, халқының сол кездегі өмірінен де зор мағлұмат беріп ақыры сый қонақты Құнанбаймен кездестіруі ұрпақтан-ұрпаққа аңыз болып айтылатын. Адольф Янушкеевичтің Құнанбай мен Барақ туралы кітабында жазып қалдырған жылы лебіздері жылдар өткен сайын жаңғырып, екі елдің даңқты адамының атақ-абыройын асыра түсетін. Мұны көре алмайтын атқа мінер пысықайлар мен әкім иелері өздерін ақтардың жақтастарына адал көрсетіп, беделге ие болып қалу үшін тарихты әдейі пайдаланатын еді.

Сабыржан мен Айғызды өлтірушілер бұлардың маңында ертеден араластары бар деп Есімхан мен Боранбайды қудалағанмен уақыттың тез өзгеріп, Сергиопольде кеңес өкіметін жақтаушылардың көбейе бастауы ғана бұлардың соңына түсушілерді әлсіретіп, қолдарын жеткізбей кеткен болатын.

Сабыржан мен Айғыздың маңында болған адамдардың бүгінгі тірлік-тынысына құлағын түре жүретін Мұхтар Есімханның тағдырына назарын ерекше аударып, оның аمانдығына тілектес болушы еді. Боранбай Мұхтарды Есімханның басынан өткен оқиғаларымен қоса, оның ақындық өнерімен де таныстыратын. Сол күнге дейін Мұхтар өзіне нағашы боп келетін Әріп ақыннан басқа Төлеуді ғана жақсы білетін еді. Жангөбектен шыққан он жеті ақынның бүгінгі арты кімдер екен деп те білуге құмартатын. Сол ойының жауабын Есімхан бергендей болушы еді. Есімханның туған жері Шыңғысқа арнаған өлеңдерінен басқа ел өмірін жырлаған шығармалары да аз емес.

Сайхантау, Шұбарағаш, Лепсі, Сархан,
Күн көрген кедей-кепшік сенің арқаң.
Кең сарай, өскен жерден айдалған соң,
Бұл күнде сүйреткенім темір арқан, — дейді.

Есімханның айдауда жүріп жазған өлеңдерінен оның дүние танымының өзгергенін де Мұхтар түсінетін. Әсіресе оның “Сібір” деген шығармасы ақын жүрегінің дүрсілінен хабардар еткендей болып тұратын-ды.

Сібірге қиыр шетке тастады айдап,
Еріксіз қол-аяқты жіпсіз байлап.
Қарсылық істейтұғын айла-амал жоқ,
Әншейін қызыл тілім жатыр сайрап.
Ақ патша еместігін сонша мықты,
Үркітте орыстардан көңілім ұқты.
“Петрде көтеріліс жасады” деп,
Түрмеге көп адамды әкеп тықты,

— деп заман тынысын көз алдыңа әкелетін.

Есімханның өлеңдеріне ерекше ықыластанған Мұхтар онымен кездескісі де келуші еді. Бірақ түрлі себептерден елден ұзап кете алмайтын ол: Есімхан да Тәуке мен Мұса сияқты заман сұмдығына қарсы ұмтылуға жараған азамат-ау, деп ойлайтын.

Бүгінгі Абай үйінде болған мәжіліс Мұхтарға көпті аңдатқандай әсер етті. Шәкәрім мен Көкбай да өзінің сөзіне құлақ түріп, “не тапсырасың?” деп ақылға сала толғаныстаулары да тектен-текке айтылып тұрған жоқ. Дәл қазіргідей шақта жаудан елді амандап қалудың жолын Шәкәрім мен Көкбай өзінен әлдеқайда көп білетін жандар. Мұхтардың байқауынша, олар бұған барлық жұмыстың тізгінін бере отырса да ақыл-кеңестерін айтуды естерінен шығармайды. “Не тапсырасың?” дей отырып, өз болжамдары Мұхтардың ойынан көрініс таба ма, жоқ па? Сол арасын білгілері келгендей ыңғай танытқандары байқалмай қалған жоқ. Шәкәрім мен Көкбайдың екеуі бірдей Мұхтардың өздеріне айтқандары көңілдерінен шыққандай болды да, тілектестіктерін білдіріп, ақыры қош айтысып аттанған. Екі үлкен адамның көңіл күйлерінің разылыққа толы белгісі Мұхтардың ұстанған жолының дұрыстығын паш еткендей болды да, өзінен бір жауап күтіп тұрғандардың асығыс-қарбаластығына ендігі әңгімені Боранбайдан бастағысы келгенде көз алдында Есімхан тұрды. Есімхан мен Мұхтар әлі кездесіп көрген жоқ-ты. Сабыржан мен Айғызға байланысты оны найзаларының ұшына іліп ап жүргендер қашып келе жат-

қан Колчактың солдаттарына Есімханды нұсқап жібермесіне кім кепіл? Ондайлық қастандық әрекет бола қалса, Боранбай мен оның маңындағылар аман қала қоя ма?

Есімхан, Боранбаймен өштесіп жүргендер бұлардың өздерін қолға түсіре алмай қалса, ағайын туыстары мен елін аяй ма? Осындай сезімдер билеген Мұхтар Шыңғысты мекендеген елді ғана қорғаштаудың қамын ойламай, басқадай ағайындарды да назардан тыс қалдырмады. Оларға да сақтанудың қажет екенін жөн санағанда:

— Бора ш аға, әңгіменің бәрін де естіп тұрсыз ғой, енді еліңізге қайтқаныңыз жөн сияқты, — дей отырып, — Шыңғыс бөктерін жайлайтын Текебай, Наз, Есім, Нүрке руларын айтпағанның өзінде сіздің атамекеніңіз де Бөрлі тауының бауырында емес пе еді? — деді.

— Жол-жолдың өзі біздің қыстаудың үстінен өтеді. — Міне көрдіңіз бе, қатер сіздерге де кез келген сағатта тап болуы мүмкін. Біз өзіміздің ғана амандығымызды ойластырып қоймай, көрші ағайындарымыздың да жағдайын ескергеніміз жөн екенін білесіз. Сергиополь қаласының тұрғындары да бөтеніміз емес қой. Сабыржан мен Айғыздың бет топырақтары әлі жасырынған жоқ. Ел ішінде өздерінің өш адамдарына басқалардың қанды қолымен жаза тартқызып қалуға тырысатындар кездеспей қоймайды. Бәрін де ойластырып қойғанымыз қажет сияқты. — Дұрыс айтасыз, — деді Боранбай. — Сабыржан мен Айғызды өлтірумен дұшпандар халықты шошыта алған жоқ. Ел ішіндегі наразылық Ақ патшаны көксеушілерге деген елдің ыза-кектеріне толы. Бұрын қызылдарды жақтап ашық күреске шыққандардың бұл күндері жасырын жұмыстарға ауысқанын байқаймын. Дегенмен халықтың дұшпандарға деген ыза-кектері олармен бетпе-бет айқас басталса, буырқанып шыға келеріне нану керек деп білем.

— Есімхан Сәмебетұлын көп айтатын едіңіз. Ол кісі қазір қайда?

— “Қызылдарды жақтаушы” делініп, қуғын-сүргіннен әлі де басы айыққан жоқ. Колчак солдаттарының Сергиопольде үстемдік жасай бастағанынан бері Шыңғыстың ішін өзінің топ серіктерімен мекендеп жүр. Біздің ауылға жиі қатынап бұл жақта не болып жатқанына құлақ түреді. Мен бері жүрерде жолығысқанбыз. Боранбайдың бұл сөзіне ойланыңқырап қалған Мұхтар жанындағылар Есімхан туралы білмейтін шығар деп ойлаған еді.

Тәуке елең етіп қалды да жөн сұрады:

— Есімхан деймісіз? Бора ш сіз ол адаммен аралас-құраласыңыз бар екен ғой. Сабыржанмен пікірлес адам болғанын Балқаштан елге қайтар жолда Керей ағайындардан көп